

5.2 Шынының термотұрақтылығын анықтау

Тәжірибенің орындалу реті

1. Қыздырылған үлгілерді біртүрлі суыту арқылы жүргізу әдісі

1.1 Үлгілерді ыстық су құйылған ыдыста қыздырады.

1.2 Бірнеше үлгілермен бір уақытта жұмыс істеу үшін олардың дұрыс орналасуын қадағалау қажет.

1.3 Үлгілер бір-біріне тиіп тұрмауы тиіс. Үлгілердің жоғарғы бөлігі су деңгейінен кемінде 5 см төмен тұруы керек.

1.4 Үлгілерді ыстық суда ұстау ұзақтығы үлгі қалыңдығына байланысты 1,5 минутқа 1 мм-ден есептеледі, бірақ 10 минуттан аз болмауы шарт.

1.5 Ыстық суда ұстау уақыты аяқталған соң үлгілерді суық суда ұстайды. Үлгілерді бір-біріне ауыстыру уақыты 10-5 сек. Суыту кезінде үлгілерді ұстау уақыты 30-40 сек.

1.6 Суық судың температурасы 5-27°C аралығында болуы керек.

1.7 Тәжірибеден соң үлгілерді алып, суын төгіп қарайды, сынған –сынбағандығын анықтайды.

2. Қыздырылған үлгілерді бірнеше рет суыту арқылы жүргізу әдісі

2.1 Тәжірибені 1.1-1.7 пункттері бойынша жүргізеді.

2.2 Үлгілерді қыздыру мен суытуды бірнеше рет қайталайды, әр қайталаған сайын ыстық су температурасын 5 немесе 10°C –қа жоғарылатып отырады.

2.3 Сынған немесе шытынаған үлгілерді алып тастап отырады, ары қарай қолданбайды.

3. Нәтижелерді өңдеу

3.1 Бақылау нәтижесі бойынша шытынаған, сынған үлгілердің санын анықтайды.

3.2 Үлгі суық судан кейін шытынаса немесе толығымен сынса жарамсыз болып табылады.

3.3 Сонымен қатар ыстық судан кейінгі бүлінген үлгі де жарамсыз етіп саналады.

Қажетті заттар: шыны үлгілері, термометр